



**Автор:** Қалиева Ардақ Жұмаділлақызы

**Пән:** Дүниетану. Тарих компоненті

**Сынып:** 1-сынып

**Бөлім:** Тарих ағымында

**Тақырып:** Жер ғаламшарының көріністері

Сабақтың мақсаты	1.4.1.1 Жердің пішінін оның жасанды моделі негізінде анықтау. 1.4.1.1 Жердің пішінін білу және сипаттау. 1.4.1.2 Жердің жасанды моделін және кескіндеу тәсілдерін білу.
Сабақтың нәтижесі	Барлық оқушылар: - Жердің шарға ұқсайтынын анықтай алады. - Шар пішінді денелерді атай алады. Оқушылардың басым бөлігі: - Жер мен глобусты салыстыра алады. Кейбір оқушылар: - Шардың физикалық қасиетіне бақылау жүргізе алады.
Алдыңғы оқу	Қазіргі кезде ғарышты қалай зерттейді?
Тілдік мақсаттар	Шар – Жер – Земля – ball earth
Бағалау критерийі	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Ресурстар	<a href="https://bilimland.kz/kk/courses/zharatylystanu/zher-halamshary/lesson/zher-zhane-bizding-halamsharymyz">https://bilimland.kz/kk/courses/zharatylystanu/zher-halamshary/lesson/zher-zhane-bizding-halamsharymyz</a> <a href="https://bilimland.kz/kk/courses/dunietanu/zher-zhane-harysh/lesson/zherding-haryshtan-korinisi">https://bilimland.kz/kk/courses/dunietanu/zher-zhane-harysh/lesson/zherding-haryshtan-korinisi</a> <a href="https://bilimland.kz/kk">https://bilimland.kz/kk</a> <a href="https://bilimland.kz/kk/courses/zharatylystanu/zher-halamshary/lesson/zher-zhane-bizding-halamsharymyz">https://bilimland.kz/kk/courses/zharatylystanu/zher-halamshary/lesson/zher-zhane-bizding-halamsharymyz</a> <a href="https://bilimland.kz/kk/courses/zharatylystanu/zher-halamshary/lesson/zher-zhane-bizding-halamsharymyz">https://bilimland.kz/kk/courses/zharatylystanu/zher-halamshary/lesson/zher-zhane-bizding-halamsharymyz</a> <a href="https://bilimland.kz/kk/courses/education-movies/televizionnye-programmy/5-minut-obo-vsyom/lesson/030-tas-dauri-unggirdegi-mektep-ai-ehetiket">https://bilimland.kz/kk/courses/education-movies/televizionnye-programmy/5-minut-obo-vsyom/lesson/030-tas-dauri-unggirdegi-mektep-ai-ehetiket</a> <a href="https://bilimland.kz/kk/courses/zharatylystanu/zher-halamshary/lesson/aj-zher-serigi">https://bilimland.kz/kk/courses/zharatylystanu/zher-halamshary/lesson/aj-zher-serigi</a>
Пәнаралық байланыс	Сауат ашу, дүниетану, көркем еңбек.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы  
(10 минут)


Психологиялық ахуал тудыру  
Психологиялық тренинг.

Армысың, Алтын күн,  
Армысың, Жер-ана.  
Армысың, Көк аспан,  
Армысың, Жан досым.  
Міне, менің қолым бос,  
Жылуыма жылу қос.  
Топқа бөлу

Оқушылар күн, жер, ай, аспан деген 4 топқа бөлініп отырады.  
Жұмбақ шешейік



Мекені көкте екі ару,  
Бірін-бірі көруге зәру. (Күн мен Ай)



Сатайын десем  
ауыр кілем,  
Сатпайын десем

- Біздің бүгінгі сабағымыз Жер туралы болмақ.

Талқылауға арналған сұрақтар:

- Жер қандай?
- Аспан мен жер қалай түйісіп тұр?
- Не себепті жер шар тәрізді деп ойлайсыңдар?

Бейнетаспа көрсету

а) Оқушылар бейнетаспадан не көргендерін әңгімелейді.  
- Ертедегі адамдар Жер жайпақ, тегіс деп ойлаған. Олар саяхат жасағанда Жердің дөңес және шар тәрізді екенін байқаған.

ә) Жер мен доптың суреті беріледі.


- Жер мен доп несімен ұқсас?
- Қандай айырмашылықтары бар?

Біздің ғаламшарымыз Жер деп аталады.


б) Шар пішінді денелерді атаңдар.

Слайд көрсету

Image not found or type unknown



<https://bilimland.kz/kk>

<p>Сабақтың ортасы (20 минут)</p>	<p>Оқулықпен жұмыс а) Топтық жұмыс: Әр топ Жердің шар тәрізді екенін зерттеу жүргізе отырып, дәлелдейді. I, II, III топқа Айдың тұтылу кезіндегі фотосурет беріледі. Үстел шамы қойып, бір парақ қағаздың ортасына кезекпен пішіндері әртүрлі заттарды: доп, қалам, кітап, өшіргішті қойыңыз. – Қай заттың көлеңкесі дөңгелек? (доп) Оқушылар Жер шарға ұқсас деген қорытынды жасайды. II, IV топқа энциклопедиядан көкжиек туралы материал беріледі. ә) Дәптермен жұмыс (40-бет). – Негештің хатындағы жасырылған сөзді табыңдар. – Қандай сөз шықты? – Жер. – Сөйлемді аяқтап жазыңдар. «Жер – бұл ғаламшар» деген сөйлемді жаздырту. б) «Ойлан» айдарының тапсырмасы. Жүзіп келе жатқан кемені кім бірінші көре алады: теңіз жағасындағы адам ба, әлде биік ағашта отырған адам ба? Жауабы: Ағашта отырған адам. Бақылау нүктесі неғұрлым жоғары болса, көру аймағы соғұрлым үлкен болады. Сөздік жұмыс: Шар – Жер Шар – Земля ball – earth «Аспан әлемі» Топпен жұмыс Әртүрлі ресурстар таратылады, сол заттардан Жердің моделін жасайды, қорғайды. Қосымша мәліметтер: Жердің ішінде не бар? (піскен жұмыртқа арқылы көрсету) Жер қабығының ішкі жағы мантия деп аталатын, өз кезегінде жұмыртқа сияқты екі қабат ядродан құралған тау жынысының ыстық, жартылай еріген қабатынан тұрады. Ядро немесе Жердің ортасы – бұл өте ыстық балқыған күйдегі тау жынысының қатты шары. Ядро қабатына бұрғылаумен жету мүмкін емес. Неғұрлым тереңдеген сайын соғұрлым ыстығырақ – жердің ядросы 40000°C балқып жатқан күйде болады.</p>	<p><a href="https://bilimland.kz/kk/courses/zharatylystanu/zher-halamshary/lesson/zher-zhane-bizding-halamsharymyz">https://bilimland.kz/kk/courses/zharatylystanu/zher-halamshary/lesson/zher-zhane-bizding-halamsharymyz</a></p>
<p>Сабақтың соңы (10 минут)</p>	<p>Кері байланыс</p>	<p>Image not found or type unknown  <a href="https://bilimland.kz/kk/courses/dunietanu/zher-zhane-harysh/lesson/zherding-haryshtan-korinisi">https://bilimland.kz/kk/courses/dunietanu/zher-zhane-harysh/lesson/zherding-haryshtan-korinisi</a></p>
<p>Рефлексия (1 минут)</p>	<p>Күннің көзі – түсінікті. Жер – жартылай түсінікті. Бұлт – түсініксіз.</p>	